



**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ ЖИНАҚ БАНКІ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**
(Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауд., Әл-Фараби даңғ., 40-үй)

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 51-бабы 6-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы 2021 жылғы 23 сәуірде өткен «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында (бұдан әрі сондай-ақ – акционерлердің жалпы жиналысы) сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хабарлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енген мәселелер және акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер, сырттай дауыс беру нәтижелерін көрсетумен:

1. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

Банктің Директорлар кеңесі қалыптастырған («Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының 2021 жылғы 5 наурыздағы № 13 хаттамасындағы екінші мәселесі бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімі) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі бекітілсін.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім жиналыста ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы санынан алғанда, дауыс беру басымдылығымен қабылданды.

2. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға жылдық қаржы есептілігін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға жылдық қаржы есептілігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған тәуелсіз аудиторлар есебін ескере отырып, бекітілсін.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысып отырған Банктің дауыс беруші акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

3. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылға таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. «Қазақстан Халық

Банкі» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау туралы. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылғы қаржы-шаруашылық қызметі нәтижелері бойынша алынған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ таза табысын бөлудің мынадай тәртібі бекітілсін:

таза табыстың бір бөлігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жіберу (ISIN KZ000A0LE0S4):

атауы: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А26М3К5, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40-үй;

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ банктік және өзге деректемелері: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; БСК – NBRKKZKX, корреспонденттік шот – KZ87125KZT1001300313, БСН – 940140000385, БЕК – 14;

дивидендтер төленетін кезең: 2020 жыл;

бір жай акцияға есептелетін дивиденд мөлшері: 18,00 теңге;

дивидендтерді төлеу басталатын күн: 2021 жылғы 01 маусым;

дивидендтерді төлеу тәртібі және нысаны:

2021 жылғы 26 сәуірдегі сағ. 00:00 (Алматы уақыты бойынша) жағдай бойынша дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі құрылған күн;

дивидендтер төлеу нысаны – қолма-қол ақшасыз.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуден кейін қалған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың 2020 жылғы таза табысының бөлігі бөлінбесін және бөлінбеген таза табысқа жатқызылсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысып отырған Банктің дауыс беруші акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

4. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «2020 жылға өз қызметі жөнінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің есебін қарау туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған 2020 жылға өз қызметі туралы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің есебі назарға алынсын және Директорлар кеңесінің жұмысын, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларды атқаруын жағымды деп танылсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысып отырған Банктің дауыс беруші акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

5. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерін «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы жөнінде хабардар ету туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы жөнінде ақпарат назарға алынсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысып отырған Банктің дауыс беруші акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

6. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Жаңа редакциясын бекіту арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында акцияларды сатып алу барысында олардың құнын анықтаудың әдістемесіне өзгерістер енгізу туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

1. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акциялар сатып алғанда акциялар құнын анықтау әдістемесіне жаңа редакцияны бекіту арқылы өзгерістерді «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған редакцияда бекітілсін.

2. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген, 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 28 хаттамасында қамтылған, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген, 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 30, 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 34, 2016 жылғы 22 сәуірдегі № 37 және 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 42 хаттамаларында қамтылған өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге «Қазақстан Халық Банкі» АҚ бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында акциялар сатып алғанда акциялар құнын анықтау әдістемесінің күші жойылған деп танылсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 8 820 444 412, «қарсы болғандар» – 518 211 949, «қалыс қалғандар» – 50 376 180, дауыс беруге қатыспағандар – 284 940 130.

Шешім Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 36-бабының 2-тармағына және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Жарғысының 26-бабы 2-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының білікті көпшілік даусымен қабылданды.

7. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселесі: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініш-шағымдары мен оларды қарастырудың қорытындылары жөнінде мәселені қарау туралы».

Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім және сырттай дауыс беру нәтижесі:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының қарауына ұсынылған «Қазақстан Халық Банкі» АҚ акционерлерінің «Қазақстан Халық Банкі» АҚ пен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне өтініш-шағымдары мен оларды қарастырудың қорытындылары жөнінде ақпарат назарға алынсын.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ дауыс беруші акцияларының жалпы саны – 9 673 972 671. Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге қатысқан акционерлер дауыстарының жалпы саны 9 389 032 541 болды. «Жақтаушылар» – 9 389 032 541, «қарсы болғандар» – 0, «қалыс қалғандар» – 0, дауыс беруге қатыспағандар – 0.

Шешім дауыс беруге қатысып отырған Банктің дауыс беруші акциялардың жалпы санының қарапайым көпшілік даусымен қабылданды.

**«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Директорлар кеңесі**